

## Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына берілетін разрядты жүктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 қаңтар N 4

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына көмір өндіру және өткізу жөніндегі "Көмір" акционерлік бірлестігі (Ташкент қаласы) үшін берілетін разрядты жүктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитіне:

1) 1997 жылғы 22 қазандағы N НВЗ-5/98-00159516 шарт бойынша "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамына (Мәскеу қаласы);

2) 1998 жылғы 10 сәуірдегі N 20 келісім-шарт бойынша 300 тонна көлемде "Знамя" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына (Кисилевск қаласы);

3) 1998 жылғы 18 ақпандағы N 413/98 келісім-шарт бойынша "Искра" Новосібір механикалық зауытына (Новосібір қаласы) рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Достастыққа қатысушы мемлекеттер Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің 1996 жылғы 5 сәуірдегі он бесінші мәжілісінде бекітілген Қауіпті жүктерді темір жол бойынша тасымалдаудың ережелеріне сәйкес жүктің Қазақстанның аумағы бойынша өтуінің қауіпсіздігі мен оған бақылау жасаудың ерекше шараларын қамтамасыз ете отырып т а с ы м а л д а у д ы жү з е г е а с ы р с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен транзиттік тасымалдауларға бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК